

Оразбаева Кульдархан Оналбековнаның 6D010300–Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясына рецензенттің

ПІКІРІ

1.Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Саяси-экономикалық, географиялық, әлеуметтік тұрғыдағы әлемнің тұтас дамуының сипат алуына, білім беру нәтижесіне деген халықаралық талаптардың күшеюіне байланысты қазақ елінің ұлттық құндылықтарын жүзеге асыруда білім беру жүйесінің қарқынды дамуына орай, ертенгі болашағына тұғыр боларлық жаңа ұрпақтың жаһандану қажеттілігі туындап отыр. Соған байланысты Оразбаева Кульдархан Оналбекқызының жаһандану жағдайындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби-құзыреттілігін қалыптастыру мәселелеріне назар аударуы уақыт талабына сай қарастырылып отырған зерттеу болып табылады.

К.О.Оразбаеваның диссертациялық жұмысының өзектілігі біріншіден, трансұлттық экономика мен жалпыадамдық құндылықтарды қорғауға негізделген халықаралық ұйымдар жүйесі ықпалының күшеюіне, екіншіден, әлемдік деңгейде бәсекелестікке түсе алатын адам сапасына қатысты кәсіби құзыреттілікке деген жауапкершіліктің артуынан байқалады.

Диссертант зерттеудің көздері ретінде экономикалық, әлеуметтік, педагогикалық әдебиеттер мен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдаулары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру мәселелеріне қатысты нормативті құжаттарының негізге алынуы еңбектің жалпы мемлекеттік бағдарламалармен сәйкес дәйектелуін көрсетеді.

Осы өзекті мәселелер төңірегінде зерттеу нысанын, пәнін, болжамын, мақсат, міндеттерін, зерттеу әдістері мен тәсілдерін нақты айқындай отырып, ізденуші диссертациялық жұмыстың негізделген түйіндері мен қорытындыларын 2 бөлімге жинақтай алған.

2.Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Зерттеу жұмысының барысында ізденушінің қолы жеткен ғылыми нәтижелері: жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің мәні мен мазмұнының теориялық негіздері жинақталып, өзіндік ой-түйіндер келтірілген; жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі жасалған;

жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған элективті курс бағдарламасы жасалып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыста сынақтан өткізілген.

Диссертанттың зерттеу барысында алған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарының негізділігі мен дәлелділігі оның бастапқы ұстанымының теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуімен, зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің сәйкес келуімен алынған негізгі нәтижелерінің іс жүзінде дәлелденуімен қамтамасыз етіледі.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттіліктерінің, мәні мен мазмұны алыс-жақын шетелдік психологиялық, педагогикалық зерттеулердегі, теориялық тұжырымдамалар тұрғысынан негізделіп, эмпирикалық ой-қорытындыларының жинақталуымен дәлелденеді.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттілігінің құрылымын - бірге тіршілік ете алу, әлемді тану тәсілдеріне үйрену, жасай білуді және лайықты өмір сүруге үйренуді қамтамасыз ету қабілеттілігін ашудың педагогикалық негізін анықтай алғандығында;

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы жаһандану жағдайындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің әдіснамалық негіздері ретінде *іс-әрекеттік, құзыреттілік, жүйелілік, мәдениеттанымдық, тұлғалық, синергетикалық* амалдар жүйеленіп, мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттерден тұратын, олшемдері мен көрсеткіштері, қалыптасу деңгейлері анықталған, әдістемелік жолдары негізделген күрделі құрылым үшінші нәтиженің шынайылығын негіздейді.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы І кредиттік «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты элективті курсының бағдарламасы мазмұны мен жүргізу әдістемесінің сипатталуымен және тиімділігінің тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілуімен дәлелденеді.

3.Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Бірінші ғылыми нәтиже ішін-ара жаңа. Жаһандану жағдайындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мәселесін теориялық зерттеулердегі ой-тұжырымдарға жоғары білім беру мәселелеріне қатысты нормативтік құжаттарға сүйене отырып, жаһандану, кәсіби құзыреттілік ұғымдарына жұмыстық анықтама және сипаттама берген.

Екінші ғылыми нәтиже болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттілігінің құрылымын – еуропалық жалпы құзырлылықты дамыту ұстанымдарына сүйене отырып зерттеу мәселесін тиімді шешуге ықпал ететін мүмкіндіктерге қатысты өз тұжырымын жасай білуі *жаңалыққа деген бастамашылық* дәрежесін аңғартады.

Үшінші нәтижені белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін жаһандану жағдайындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің әдіснамалық негіздерінің жүйеленіп, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделінің құрылымдалуын *ішін-ара жаңа деуге* болады.

Төртінші нәтижені «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты 1 кредиттік элективті курсының бағдарламасы мен жүргізу әдістемесінің сипатталуын және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде жүзінде тексеріліп, оң нәтиже беруін **жаңа** деп санауға болады.

4.Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбы негізінде алынған нәтижелері білім беру стратегияларының жаңа білім парадигмаларының, тұжырымдамаларының ұстанымдарын жүзеге асыруға бағытталған. Диссертацияда қол жеткен нәтижелер жоғары оқу орындарының оқытушылары, білім жетілдіру институтының мамандары, мектепте жұмыс істейтін мұғалімдер қолдана алады.

5.Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы, зерттеу мәселесінің шешімі 13 (он үш) түрлі басылымдар арқылы халықаралық, республикалық, ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, эксперимент жүргізу барысында жүзеге асқан, сондай-ақ, мерзімді басылымдарда жарық көріп, ғылыми мақалаларда көрініс тапқан. Солардың негізгілері: «ЖОО-нан кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми-педагогикалық әлеуетін дайындаудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Алматы, 2012); «Мәшһүр Жүсіп - әлемдік Ғаламат» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Павлодар, 2013); «Шокан оқулары-18» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Көкшетау, 2014); С.Торайғыров атындағы ПМУ «Хабаршы» (Павлодар, 2013); Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы» (Алматы, 2013); Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы» (Алматы, 2014); Leadership international Conference “Leadership in Education, Business and Culture” (Almaty-Seattle, 2014); Bilimin içinde eğitimsel liderlik üzerine uluslararası konferans SİİRT-TÜRKİYE (Түркия, 2014) «Проблемы и перспективы развития образования» атты VI халықаралық ғылыми конференция (Пермь, 2015); Қазақстанның ғылымы мен өмірі (Астана, 2016) басылым көрген. International scientific journal (Австралия, 2016); Scopus базасына кіретін International Journal of Environmental and Science Education (Түркия, 2016) журналдарда басылым көрген.

6.Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыстың қорытындылары мен зерттеу нәтижелері қағида ретінде сапталып қорғауға ұсынылған. Дегенмен, еңбектің ғылыми-теориялық негіздеріне толықтырулар да керек секілді.

1. Бірінші, тақырыпқа байланысты: тақырып «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» деп алынған. Біріншіден, тақырыптағы «қалыптастыру» ұғымына қатысты: жаңа білім парадигмасы, 2016ж. қабылданған білім стандарттары, жаңартылған білім бағдарламаларында «қалыптастыру», «оқыту» ұғымдарының орнына «даму», «оқу» ұғымдары ендіріліп отыр. Сол секілді, құзырлылықтың (құзыреттелік)

негізі «жасап үйрену», «танып үйрену», «бірлесіп жұмыс жасауға үйрену» болғандықтан да сыртқы факторларға қарағанда ішкі факторлардың маңыздылығын атап өтуге болады, яғни өзіндік дамуға басымдық беріліп отыр. Сондықтан да қалыптастыру сөзін жаңа стандарт, бағдарлама талаптарына сай нақтылау керек секілді.

2. Екінші: Теориялық тұғырдың, тиімді әдістері мен жолдарын айқындаудағы карама-қарсылық әлі де нақтылай түсуді талап етеді.

3. Диссертацияның 31 бетінде «Құзыреттілік тәсіл - идеясы» деп беріледі. «Тәсіл» дегеннің орнына «амал» сөзін пайдаланған дұрыс болар еді. 82 беттегі бірінші бөлім бойынша тұжырымдарындағы сөйлемдері шұбалаңқы. Ойды тиянақты, нақты жеткізуге тырысу керек.

Айтылған ескертулер мен кемшіліктер ұсыныстар түрінде берілгендіктен, диссертациялық жұмыстың ғылымилығына нұқсан келтірмейді.

7.Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, Оразбаева Кульдархан Оналбековнаның «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына 6D010300 – педагогика және психология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

**Рецензент, педагогика ғылымдарының докторы,
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы, ҚР білім беру
жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық
қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын
ресубликалық институтының доценті**



К.С.Кудайбергенова